**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**
**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**
**ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ**
**С. ҚИРАБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ КАФЕДРАСЫ**

**Бекітілді**
**Абай атындағы ҚазҰПУ Ғылыми Кеңесінің отырысы**
**Ғылыми Кеңес төрағасы**
**Ректор ______ Т.О. Балықбаев**
**Хаттама № 4 «28» 08 2017**

# ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

**5B020500 – Филология**
**Түсу жылы: 2017/2018**

**Құрастырушы: Қабатай Б.Т. - п.ғ.к., доцент**

**Алматы 2017**

**5В020500- Филология мамандығы**
**Академиялық дәрежесі: 5В020500- Филология мамандығы бойынша білім бакалавры**

| № п/п | Пәннің атауы | Пәннің қысқаша мазмұны | Негізгі бөлімдер | Кр. саны | Сем. | Пререквизиттер | Постреквизиттер | Пәнді оқытудан күтілетін нәтижелер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Тіл біліміне кіріспе | «Тіл біліміне кіріспе» пәнінің бі алушыларды тіл білімінің нег ұғымдар жүйесімен таныст отырып, тілдің табиғаты, м қоғамдық қызметі, тіл жүйесі мен құрылымы туралы алғашқы ғылыми теориялық түсінік беру, қазіргі ті ғылымының негізгі зертт бағыттары мен салалары жайлы жалпы мәлімет қалыптастырып, ті ғылымының жеке тараулары мен салаларына қатысты теориялы білімді оқып меңгеруге бағыттау. | Тіл ғылымы: нысаны, тараулары мен салалары. Басқа ғылым салаларымен байланысы. Қазіргі лингвистиканың бағыттары мен салалары. Тілдің табиғаты мен қоғамдық қызметі, оның түрлері. Тілдің таңбалық, жүйелік, құрылымдық сипаты. Фонетика, зерттеу нысаны. Фонетикалық процестер мен заңдылықтар. Тілдің лексикалық жүйесі мен құрамы. Семасиология, нысаны. Фразеология, нысаны. Тілдің грамматикалық құрылысы мен жүйесі. Түбір морфема және аффикстік морфема. | 2 | 1 | Қазіргі қазақ тілі,Фонетика. Лексикология, Қазақ диалектологиясы. Тарих, Психология. Ойлау және сөйлеу әрекеттері жайлы. | Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Синтаксис. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Жалпы тіл білімі. Түркі филологиясы. | «Тіл біліміне кіріспе» пә оқу негізінде студент:<br>тіл білімінің негізгі зерт нысаны, тараулары м салалары, оның басқа ғылым салаларымен байланы алатын орны туралы;<br>қазіргі тіл білімінің нег бағыттары, ішкі және сырт лингвистика мәселелері;<br>тілдің шығуы мен дамуы тілдің қызметі, оның түрлері дүниежүзі тілдерінің жікте (генеалогиялық, типологиял ареалдық) жайлы хабар болуы;<br>тіл ғылымы жайлы теориял тұжырымдарға қатысты ойларын айта білу, пікірле дәлелдей алатын болуы;<br>сөздіктермен жұмыс жа білулері;<br>өз бетінше оқып, ізден семинар сабақтарына белсе түрде қатысуға үйренуі қаже |
| 2 | Тілдік қатынас негіздері | Тілдік қатынас пәнінің мақсаты жазбаша және ауызша сөйлеу актісіндегі тілдік ерекшеліктер мен олардың табиғатын меңгерту | Тіл біліміндегі коммуникациясы термині | | | Тіл біліміне кіріспе,<br><br>Фонетика,<br>Лексикология<br>Морфология, | Тіл мәдениеті | - коммуникативтік мағынаның берілу жолдарын, коммуникативтік мағына мен тілдік қатынастың арақатынасын, |

Thank you for trying Soda PDF

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Тіл және қоғам<br><br>Коммуникативтік мағына | | | Синтаксис | | коммуникативтік мағына мен танымның сабақтастығын, коммуникативтік мағына мен бейвербалды амалдардың өзара байланысын білуі керек;<br><br>- сөздердің, сөйлемдердің, мәтіндердің коммуникативтік мағына тудыру үстіндегі функциональыдк ерекшеліктерін меңгеруі керек;- коммуникативтілік, лингвистикалық құзыреттілігі болып табылады |
| 3 | Нормативті қазақ тілі | Нормативті қазақ тілі пәнінің мақсаты- негізгі мақсаты мектеп бағдарламасы көлемінде қазақ тілінен алған білім, білік дәрежелерін бір жүйеге келтіріп, тиянақтау. Алда өтілетін қазіргі қазақ тілінің теориялық курсын нәтижелі оқуға, меңгеруге даярлау. Студенттердің сөздік қорын байыту. Мақал-мәтел, фразеологизмдерді, сөз мағынасын еркін меңгеруге баулу. Сөз тіркесі, сөйлем қолданыстарын мәтінде дұрыс түсініп, игере білуге, сауатты жазуға, әдеби тілде сөйлей білуге дағдыландыру | Тіл туралы мәлімет. Лингвистиканың салалары. Фонетика туралы түсінік. Дыбыс құрамы. Сингармонизм. Буын. Екпін. Лексика. Сөз және оның мағыналары. Метафора, метонимия, синекдоха. Тұрақты тіркестер және оның түрлері. Омоним, синоним, антонимдер. Сқздің морфологиялық құрамы. Түбір және туынды сөздер. Сөз таптары. Жай сөйлем синтаксисі. Құрмалас | 2 | 1 | Тіл біліміне кіріспе, Түркі филологиясына кіріспе | Тіл мәдениеті, Көне түркі тілі, Қазақ әдеби тілінің тарихы. | Қазақ тілінің негізгі құрылымдық жүйесін фонетикалық, лексикалық, грамматикалық жүйесін; Қазақ тілін грамматикалық заңдылықтарға сәйкес жаза және оқи, тиянақты түрде сөйлей;<br>Өз ойын еркін шешен түрде;<br>Әдеби тілде мәдениетті сөйлей;<br>Сатылай комплексті талдау жүргізуді білуі керек. |

Thank you for trying Soda PDF

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | сөйлем синтаксисі. | | | | | |
| 4 | Коммуникативтік тіл білімі | Коммуникативті тіл білімі пәнінің мақсаты жазбаша және ауызша сөйлеу актісіндегі тілдік ерекшеліктер мен олардың табиғатын меңгерту | Тіл біліміндегі көммуникасы термині<br><br>Тіл және қоғам<br><br>Қоммуникативтік мағына | | | Тіл біліміне кіріспе,<br><br>Фонетика, Лексикология Морфология, Синтаксис | Тіл мәдениеті | - коммуникативтік мағынаның берілу жолдарын, коммуникативтік мағына мен тілдік қатынастың арақатынасын, коммуникативтік мағына мен танымның сабақтастығын, коммуникативтік мағына мен бейвербалды амалдардың өзара байланысын білуі керек;<br><br>- сөздердің, сөйлемдердің, мәтіндердің коммуникативтік мағына тудыру үстіндегі функциональыдк ерекшеліктерін меңгеруі керек;- коммуникативтілік, лингвистикалық құзыреттілігі болып табылады |
| 5 | Түркі филологиясына кіріспе | «Түркі филологиясына кіріспе» пәнінің мақсаты филология факультетінің студенттеріне түркі тілдері мен халықтарының зерттелу тарихынан, түркі тілдерінің топтастырылуы мен өзіндік ерекшеліктерінен, сондай-ақ, түркі жазуы мен тіл мәдениеті тарихының кезеңдерінен мағлұмат беру болып табылады | 1.Түркі халықтарының тарихи-филологиялық, мәдени-идеологиялық проблемалары<br>2.Көне түркі этногенезі проблемасы.<br>3.Руникалық көне түркі алфавитінің құрамына шолу. | 2 | 2 | Тіл біліміне кіріспе, Қазақ тілінің тарихы, Қазақ әдеби тілінің, Түркітануға кіріспе<br>Қазақ тілінің фонетикасы, қазақ тілінің дыбыстық | Қазақ тілінің тарихы, Қазақ әдеби тілінің, Түркітануға кіріспе | «Түркі филологиясына кіріспе» пәнінен студенттер ертедегі және қазіргі түркі тілдерін, жазба мәтіндерін зерттеу жұмысымен таныстырып, болашақ мамандыққа дағдыланады<br>-түркі филологиясының негізгі проблемаларынан талдап оның мәнді- |

Thank you for trying Soda PDF

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | «Түркі филологиясына кіріспе» пәнінің негізгі міндеттері: студенттерге ертедегі және қазіргі түркі тілдерін, жазба мәтіндерін зерттеу жұмысымен таныстырып, болашақ мамандыққа дағдыландыру. «Түркі филологиясына кіріспе білулері керек; «Түркі филологиясына кіріспе» пәнін оқу негізінде студент: » пәнін оқыту негізінде студент: -түркі филологиясының негізгі проблемаларынан жақсы бағдарда болып, оның мәнді-маңызды жетістіктерін біліп, оған ғылыми талдау принциптерін қолдана білуі керек; | | | | жүйесі, дауысты және дауыссыз дыбыстар жіктелісі, үндестік заңы, буын, ықпал түрлері, қазақ тілінің сөздік қоры мен сөздік құрамы. | | маңызды жетістіктерін біледі |
| 6 | Қатысым синтаксисі | Пәннің мақсаты – тіл біліміндегі танымдық теорияның ғылыми негіздерін меңгерту, оның басты тұжырымдары мен негізгі қағидалары арқылы студенттердің ой-өрісін кеңейту. | Тіл біліміндегі ғылыми бағыттар. Антропоөзектік парадигма. Когнитивті лингвистиканың теориялық негіздері. Когнитивті лингвистиканың зерттелуі. Концепт мәселесі. Концепт құрылымы. Тіл мен таным бірлігі. Тіл танымдық ғылымдар.Семантика мен тағылым теориясы. | | | Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы, Лингвистикалық терминдер теориясы, Тіл біліміне кіріспе | Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы, Лингвистикалық терминдер теориясы | -морфология пәні сөз және оның формалары туралы заңдылықтарды қарастыратын тіл білімінің бір саласы, тілдің грамматикалық құрылысын, грамматикалық ұғымдарды, әр сөз табының грамматикалық ерекшеліктерін білуі керек; -грамматиканың салаларын, сөз таптарының лексика-грамматикалық сипаттарын меңгеруі керек; - Қазақ тілін сүйетін, ұлттық сөз өнерін |

Thank you for trying Soda PDF

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | дәріптейтін, қастерлейтін, сана-сезімі жоғары азамат,патриот қалыптастыру құзыреттілігі болып табылады. - Таным теориясының тіл біліміндегі қызметін түсіну, оны практикада қолданудың жолдарын меңгеруі керек |
| 7 | XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы | XY-XYIII ғасырлардағы қазақ мемлекетінің қоғамдық әлеуметтік және саяси жағдай. Қазақ мемлекетінің әлеуметтік, экономикалық және ішкі жағдайының әдебиетте көрініс табуы. XY-XYIII ғасырлардағы поэзиясының тақырыптық-идеялық ерекшеліктері. | XY-XYIII ғасырлардағы әдебиеттің даму бағыттары.<br><br>XY-XYI ғасырлардағы қазақ әдебиеті.<br><br>XYII ғасырдағы қазақ әдебиеті.<br><br>XYIII ғасырдағы жыраулар поэзиясы | 3 | 3 | .«Әдебиеттануға кіріспе»,<br>2.«Халық ауыз әдебиеті»,<br>3.«Ежелгі дәуір әдебиеті». | 1.XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы.<br><br>2.XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті. | XY-XYIII ғасырлардағы әлеуметтік-саяси жағдайдың әдебиеттің дамуына әсерін, жыраулар поэзиясының өзіндік ерекшеліктерін, толғаудың жанрлық ерекшеліктерін білуі керек;<br><br>Жыраулар поэзиясының, әдебиеттің даму кезеңдерінің зерттелу тарихы жайлы шетел және қазақ ғалымдарының еңбектерімен танысып ғылыми тұжырым, қорытынды жасап, өзіндік пікір қорытуға машықтанады;<br><br>Жыраулар поэзиясының үлгілерімен толық танысып толғауларға әдеби-теориялық талдаулар жасауды |

Thank you for trying Soda PDF

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | меңгереді. |
| 8 | Түркі әлемі әдебиеті | Түркі халықтары әебиеті тарихының кезеңдерімен, көрнекті өкілдерімен, әдебиеттің көркемдік-эстетикалық қызметімен таныстыру, көркем шығарманы талдау мен бағалаудың жолдарына баулу болып табылады. Пәнді оқытудың мақсатына байланысты төмендегідей міндеттерді шешу көзделеді:<br><br>Түркі халықтары әдебиетінің кезеңдерімен таныстыру;<br><br>Түркі халықтары әдебиеті тарихының зерттелуіне шолу жасау;<br><br>студенттердің көркемдік-эстетикалық талғам-танымын қалыптастыру;<br><br>ортағасырлық кезең, оның ерекшеліктері туралы түсінік беру;<br><br>қайта өрлеу дәуірі әдебиетінің тарихи шындықпен арақатынасын игерту;<br><br>ағартушылық әдебиеттің өзіндік ерекшелігін таныстыру;<br><br>түркі халықтар әдебиетінің қазақ | Түркі әдебиетінің әлем әдебиетінен алатын орны<br><br>Әзербайжан әдебиеті<br><br>Өзбек әдебиеті<br><br>Қырғыз әдебиеті<br><br>Татар әдебиеті<br><br>Қарақалпақ әдебиеті<br><br>Башқұрт әдебиеті<br><br>Түрік әдебиеті<br><br>Ұйғыр әдебиеті | | | Халықауыз әдебиеті<br><br>Ежелгі дәуір әдебиеті<br><br>Әдебиеттануға кіріспе | Әдебиет теориясы<br><br>Сын тырихы | түркі халықтары әдебиетінің қоғамдық-эстетикалық, көркемдік-этетикалық мәні мен қызметінің өсу, жетіле түсу сатыларын, сан-қилы әдеби ағымдардың пайда болу жолдарын, әдеби жанрлар мен әдеби тәсілдердің даму кезеңдерін т.б. таниды;<br><br>көркемдік дәстүр жалғастығын (тақырып, идея, сюжет, композиция, стиль, тіл) терендете және өркениет талаптарына сәйкес оқыту;<br><br>түркі халықтар әдебиетінің тарихын меңгертуге арналған мультимедиалық, электронды оқу кешендерін ұтымды қолдана біледі;<br><br>көркем туындыда кездесетін тарихи шындық пен көркемдік шындықтың арақатынасын түсіне біледі;<br><br>түркі халықтар әдебиетіне қатысты айтылған отандық |

Thank you for trying Soda PDF

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | әдебиетімен байланысын меңгерту; | | | | | | және шетелдік ғалымдардың ойларын, пікірлерін біледі. |
| 9 | XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы | XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті және ұлт тағдыры. Дәстүрлі ақындық поэзия. Д.Бабатайұлының өлеңдері. Дулат Бабатайұлының дастандары. Махамбет Өтемісұлы өлеңдерінің философиялық-психологиялық сипаты. Шернияз Жарылғасұлының шығармашылық мұрасы. Шортанбай Қанайұлының зар замандық толғаулары, Сүйінбай Аронұлы өлеңдерінің тақырыптық- идеялық сипаты. Майлықожа Сұлтанқожаұлының толғау термелері, айтыстары. Базар Ондасұлының толғау-термеулері. Мұрат Мөңкеұлының толғау-өлеңдері. Біржан сал Қожағұлы мұрасындағы ән-өлеңдер мен айтыстар. Ақан сері Қорамсаұлының лирикалық өлеңдері мен айтыстары. Сара Тастанбекқызының лирикалық өлеңдері мен айтыстары. Әсет Найманбайұлының әдеби-мұрасы, өлеңдері, айтыстары, дастандары. Шоқан Уәлихановтың ғылыми | XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті және ұлт тағдыры. Дәстүрлі ақындық поэзия ерекшеліктері, мазмұны. | 3 | 4 | Халық ауыз әдебиеті<br><br>Әдебиеттануға кіріспе | Әдебиет тарихы<br><br>Әдебиет теориясы<br><br>Әдебиет сыны | Күтілетін нәтижелер:<br><br>1. - қазақ әдебиетінің Ресей империясы отаршылдығына қарсы зар замандық ағымы поэзиясының саяси-азаматтық ықпалын білуі керек;<br>2. - кезең әдебиетіндегі дәстүр мен көркемдік жалғастығы ерекшеліктерін жаңаша зерттеуді меңгеруі керек;<br>3. - мемлекеттік тілді сүйетін, ұлттық сөз өнерін дәріптейтін, қастерлейтін, сана-сезімі жоғары азамат, патриот қалыптастыру құзыреттілігі болып табылады.<br>Бағалау:<br><br>- әдеби даму сипатына |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | очерктері мен күнделіктерінің әдеби сипаты. Ыбырай (Ибраһим) Алтынсариннің өлеңдері. Хакім Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының философиялық, махаббат лирикасы. Шәңгерей Сейіткерейұлы Бөкеевтің лирикалық өлеңдері, «Сардар сегіз» дастаны. | | | | | | жазбаша талдау;<br><br>- әдеби дамудағы үндестіктерді, даралық өзгешеліктерді, көркемдік ерекшеліктерді, көркемдік ерекшеліктерді бағалау; |
| 10 | Фольклортану негіздері | Фольклортану негіздері - жоғарғы оқу орындарында халықтың ауызша сөз өнерін зерттейтін ғылым саласы ретінде фольклор тарихын, теориясын, жанрлық түрлеріне тән ерекшеліктерін жан-жақты талдап түсіндіретін пән болып табылады. | Бірінші бөлімде- фольклортану ғылымы туралы түсінік және оны тарихи зерттеу принциптері, әлемдік фольклортану ғылымындағы теориялық бағыттар мен мектептер, тарихи поэтика мәселелері, екінші бөлімде- қазақ фольклорының қалыптасу және даму кезеңдері ал үшінші бөлімінде- фольклорлық жанрлардың теориясы мәселелері қамтылады. | | | Халықауыз әдебиеті<br><br>Әдебиеттануға кіріспе | 1.Әдебиет теориясы,<br><br>2. Әдеби сын тарихы,<br><br>3.Қазақ әдебиетінің тарихы. | -Фольклордың көп қырлы бітімі мен синкреттілігін;<br><br>-фольклордың халықтық сипатын;<br><br>-фольклор мен жазба әдебиеттің айырмашылықтарын;<br><br>-фольклордың өзгермелілігін;<br><br>-фольлордың құрылымдық-типологиялық, жүйелі талдау, кешенді-тұтастық зерттеу әдістерін;<br><br>-Фольклордың көркемдік-идеялық, және тегіне қарай бөліну принциптерін;<br><br>-фольклор жанрларының |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | дамуындағы ортақ процестерді;<br>-фольклор шығармаларындағы эпикалық, лирикалық, драмалық белгілерді танып-білуді міндеттейді. |
| 11 | Мәнерлеп оқу және шешендік өнер | Болашақ шәкірт тәрбиесімен айналысатын қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің сөйлеу мәнері, дауыс ырғағы, көркем шығарманы нақышына келтіре мәнерлеп оқуы- ұстаздық қыры.Жазуда сауатты жазу қалай талап етілсе, сөйлеуде орфоэпиялық заңдылықтарды сақтау заідылық. Мұғалімнің мәдениетті, дауыс ырғағын сақтай сөйлеуін жетілдіретін пән- мәнерлеп оқу. Пәнді оқи отырып сөзге нәр беретін құбылту түрлері, әсерлі жеткізу техникасы, дауыстың күші, жоғарылылығы, тембрі, әуені, интонация, кідірістер туралы теориялық білімді жаттығулар арқылы қалыптастырады. Шешендік өнер- риториканың ғылым ретінде қалыптасуы,әдебиеттің ерекше жанры ретінде қарастырылуы. Шешендік сөздердің негізгі белгілері, оған қойылатын | Мәнерлеп оқу бағдарламасында мәнерлеп оқудың техникасы мен теориясына, жаттығуларға, шешендік сөздердердің сипатына, түрлеріне түсініктер беріледі. | 2 | 5 | Халықауыз әдебиеті<br>Ежелгі дәуір әдебиеті<br>хандық дәуір әдебиеті | Әдебиет ттеориясы<br>Әдебиет тарихы<br>Әдебиетті оқыту әдістемесі | Мәнерлеп оқу жаттығулары негізінде дауыс ырғағын қалыптастыру жолдары, кідірістер олардың сөйлеудегі маңызы, орфоэпиялық заңдылықтарды сақтай білуге машықтанады. Шешендік өнер тарихы жайында теориялық білім қалыптасады. Шешен сөйлеу мәні, ежелгі және қазақтың би - шешендерінің мұраларын кәсіби қажеттілікке пайдалану құзіреттілігі қалыптасады.Тілдесудің мәні, ережесі және қарым-қатынастық-тілдік (шешендік) біліктіліктері туралы риторикалық білімді меңгеру; Шығармашылық белсенді сөйлеуші тұлғаны дамыту; |

Thank you for trying Soda PDF

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | талаптар. Болашақ мұғалімдерде қарым-қатынастық-шешендік білім мен дағдыларды қалыптастыру. Тілді меңгерудің жалпы ережелері. Дәлелдеменің мәні, сөйлеу және тілдік ережелер орны. Кәсіби маңызы бар шешендік жанрлар (ауызшау / жазбаша) және тілдесудің шешендік жағдайлары. Көпшілік алдында сөйлеуді құрастырудың технологиясы. Мұғалімнің диалогтік сөзінің мәдениеті. Педагогикалық пікірталас жүргізудің қағидаттары. Педагогикалық сөйлеу түрлері. Мұғалімдерді шешендік сөйлеуге үйретудің инновациялық әдістері мен тәсілдері. Педагогтың сөйлеу әдебі мен мәдениеті. | | | | | | Сөйлеуші тұлғаның мәнін мәдениеттің құрамы ретінде және педагогикалық тұлғаның мәнін педагогикалық тілдесудің үлгісі ретінде тану.<br><br>- Бейнежазуды талдау негізіндегі ауызша және жазбаша тапсырмалар;<br><br>- Тілдесудің түрлі жағдайларында күнделікті мақсатты бақылауларды талдау;<br><br>- Кәсіби бағытталған тақырыптарда шешендік сөйлеуде алған дағдыларын көрсету;<br><br>- Педагогикалық практика кезіндегі студенттің сабақтағы сөйлеу және қарым-қатынас әрекеттері. |
| 12 | Шешендік өнердің тарихы | Шешендік -қазақ халқының ежелден келе жатқан дәстүрлі тіл өнері. Шешендік өнер өте ерте заманнан келе жатқан ғылым саласы. Қазақ тілін оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің кәсіби шеберлігін қалыптастыруда шешендік сөз өнерін оқытудың | Пәнді оқытуда мынадай бөлімдер қарастырылған:<br><br>Шешендік өнер тарихы. Қазақтың ұлттық шешендік өнерінің тарихы. шешендік өнердің | | | Халықауыз әдебиеті<br><br>Ежелгі дәуір әдебиеті<br><br>хандық дәуір әдебиеті | Әдебиет т еориясы<br><br>Әдебиет тарихы<br><br>Әдебиетті оқыту әдістемесі. | Шешендік сөздердің үлгілерін, түрлерін жіктеу қабілетін қалыптастыру. Ежелгі және қазақ би-шешендерінің |

Thank you for trying Soda PDF

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | мақсаты сөз өнерінің адам сезіміне әсер ету құдіретінің сырларын толық танып білуге оқытудың тиімді жолдары, көркем туындыны тілін,ежанрына байланысты оқып үйренудің әдіс-тәсілдері көрсетілген. Қазақ би-шешендерінің мазмұнды шешендік сөздері іріктеліп, талдауға ұсынаылады. | мазмұны мен құрылысы. Шешен сөздердің тілдік сипаты. Шешендік өнерді меңгерту жолдары | | | | | сөздерінің мазмұнындағы терең ойды тануға, шынайы шешенге тән қасиеттерге шабыт, импровизация, елестету қалыптастыру. Сөйлеу кезіндегі шешендік стиль, сөйлеудің логикалық құрылымы,, шешен сөйлеу мәдениетіне жетілдіру |
| 13 | ХХғ. қазақ әдебиеті тарихы(1900-1940ж.) | ХХ ғасырдың алғашқы жиырма жылымен шектелетін тарихи кезеңдегі қазақ жеріндегі рухани және мәдени процестер жөнінде жан-жақты мағлұмат беру | ХХ ғасырдың алғашқы жиырма жылымен шектелетін тарихи кезеңдегі қазақ жеріндегі рухани және мәдени процестер жөнінде жан-жақты мағлұмат беру;<br><br>аталған кезеңдегі тарихи оқиғалардың ұлт санасын оятуға жасаған ықпалын, әдебиеттің дамуына тигізген әсерін | 3 | 5 | Әдебиеттаану, XIX ғасыр әдебиеті | Әдебиет тарихы, сыны, теориясы | Күтілетін нәтижелер:<br><br>- қазақ-кеңес әдебиетінің ұлттық көркемөнермен әдебиеттің құрамдас бөлігі екенін меңгереді;<br><br>- қазақ-кеңес әдебиетінің идеялық, көркемдік ерекшеліктерін игереді;<br><br>- алған білімдерін практикада жүзеге асыруға дағдыланады.<br><br>Бағалау: |

Thank you for trying Soda PDF

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | түсіндіру; | | | | | - қазақ-кеңес әдебиеті шығармаларын талдау;<br><br>- жекелеген көркем туындылардың идеялық, көркемдік ерекшеліктерін анықтау;<br><br>- топтық таныстыру.<br><br>Құзыреттіліктер: Ана тілінде өз ойын жүйелі және сауатты жеткізетін, қазақ (орыс) және шетел тілінде көпшілік алдында сөйлеуде және ғылыми мәтінмен жұмыс істеуде қажетті ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын игерген; ақпараттарды қабылдау, сақтау, өңдеудің негізгі әдістерін, тәсілдерін және құралдарын қолданады, компьютермен жұмыс істеу дағдысы қалыптасқан, оның ішінде ауқымды компьютерлік желіні жетік меңгерген; мамандықтың жоғары әлеуметтік маңызын түсінеді, кәсіби этикалық ұстанымдарды сақтайды; орта мектеп оқушыларына қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі |

Thank you for trying Soda PDF

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | мен әдебиетін оқытудың технологиясы мен теориялық негіздерін игереді; |
| 14 | Алаш әдебиеті | XX ғасырдың басындағы ұлт зиялыларының қазақ сөз өнері, оның ішінде әдебиеттану ғылымы саласындағы ғылыми-теориялық ой-пікірлерін, кәсіби көркем сынды дамытудағы сыншылдық-эстетикалық көзқарастарын қазіргі тәуелсіздік талаптары тұрғысынан қайта зерделеп, жаңаша пайымдай отырып оқыту. | Кіріспе. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеттануының қарастыратын мәселелері;<br><br>XX ғасыр басындағы әдеби процесс;<br><br>А.Байтұрсынұлы және бүгінгі ұлттық әдебиеттану;<br><br>«Әдебиет танытқыш» - қазақ әдебиеттану ғылымындағы тұңғыш теориялық еңбек;<br><br>Ә.Бөкейхановтың әдеби-эстетикалық көзқарастары; Ж.Аймауытов әдебиеттанушы;<br><br>М.Жұмабаевтың әдеби-философиялық ұстанымдары;<br><br>С.Сәдуақасұлы руханият жанашыры;<br><br>Х.Досмұхамедұлы | | | Халықауыз әдебиеті<br><br>Ежелгі дәуір әдебиеті<br>Хандық дәуір әдебиеті | Әдебиет теориясы<br><br>Сын тарихы | Ұлт зиялыларының ғылыми-публицистикалық еңбектерінің XX ғасыр басындағы қоғамдық-саяси мәселелерді танып-білудегі, ұлттық сананы оятудағы құндылығын зерделейді;<br><br>XX ғасырдың басындағы жаңа әдебиет туралы тың тарихи, ғылыми мәліметтерді меңгереді;<br><br>XX ғасырдың басындағы әдеби айналымға түскен Алаш әдебиеті өкілдерінің шығармашылық қызметін кеңінен танысады;<br><br>XX ғасырдың басындағы мерзімді баспасөз беттеріндегі әдеби сын мақалалар, әдеби айтыстарды оқып, көкейіне түйеді. |

Thank you for trying Soda PDF

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | әдебиет зерттеушісі;<br><br>XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеттануының қазіргі әдебиеттану ғылымындағы орны | | | | | |
| 15 | Түркі халықтарының әдебиеті | «Түркі халықтары әдебиетінің тарихы» курсын дербес пән ретінде оқытудағы негізгі мақсат – тарихи тағдырлас түркі тілді халықтар әдебиетінің өзара байланысын, сан ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан дәстүр жалғастығын, олардың бір-біріне әсерін, шығармалардың идеялық, көркемдік ерекшеліктерін, жалпы даму заңдылықтарын студенттерге таныту болып табылады. | Түркі халықтар әдебиеті туралы түсінік;<br><br>Әзербайжан әдебиетінің даму кезеңдері және көрнекті өкілдері;<br><br>Башқұрт әдебиетінің даму кезеңдері және көрнекті өкілдері;<br><br>Өзбек әдебиетінің даму кезеңдері және көрнекті өкілдері;<br><br>Қырғыз әдебиетінің даму кезеңдері және көрнекті өкілдері;<br><br>Татар әдебиетінің даму кезеңдері және көрнекті өкілдері;<br><br>Қарақалпақ әдебиетінің даму кезеңдері және | 3 | 7 | Халықауыз әдебиеті<br><br>Ежелгі дәуір әдебиеті<br><br>Әдебиеттануға кіріспе | Хандық дәуіріндегі әдебиет<br><br>Шығыс әдебиетінің тарихы | түркі халықтары әдебиетінің өзіндік ерекшеліктерін, тарихын және түркі халықтары әдебиетіне ортақ жәдігерліктерді көркемдік дәстүр заңдылықтары арқылы танып біледі;<br><br>түркі халықтары әдебиетінің сан-қилы әдеби ағымдардың пайда болу жолдарын, әдеби жанрлар мен әдеби тәсілдердің даму кезеңдерін т.б. танып біледі;<br><br>көркемдік дәстүр жалғастығын, түркі халықтар әдебиетінің тарихын меңгертуге арналған көркем туындыда кездесетін тарихи шындық пен көркемдік шындықтың арақатынасин түсініп, ажырата алады. |

Thank you for trying Soda PDF

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | көрнекті өкілдері;<br><br>Ұйғыр әдебиетінің даму кезеңдері және көрнекті өкілдері; | | | | | |
| 16 | Драма талдау | Драма. Қазіргі қазақ драматургиясы: жанрлық сипаты, тақырып тереңдігі мен проблематикасы. Көркемдік-идеялық ізденістері. Лирикалық драма үлгілері. Эпикалық драма үлгілері. Тарихи драма үлгілері. Комедия, оның жанрлық ерекшеліктері. Трагедия туралы қазіргі әдеби-теориялық ойлар. Драмадағы тартыс сипаты. Драмадағы сөз бен іс туралы түсінік қалыптастыру. | Драма поэтикасы ғылым ретінде: пәні, міндеттері Драма мәтінін зерттеудің жалпы филологиялық бағыттары. Драма мәтінінің психологиялық қуаты мен қызметі. Драма мәтінін оқырмандық талдау үдерісі. Драмалық мәтіннің поэтикалық сипаты. Драмалық шығармалардың құрылымы. | | | 1.Әдебиеттануға кіріспе.<br><br>2.Әдебиет тарихы | 1.Әдебиет теориясы<br><br>2. Әдебиет сыны<br><br>3.Салыстыр-малы әдебиеттану | • қазақ әдебиетінің бүгінгі даму-қозғалысын зерделеу;<br>• ұлт әдебиетіндегі драма табиғатын айқындау;<br>• еліміз тәуелсіздік алғалы бергі уақыт аралығындағы драмалық шығармалардың ерекшеліктерін көрсету;<br>• драмадағы басты тақырыптар(демократия мен иәуелсіздік тағылымы, ел-жер тағдыры, адам өмірі мен еңбегі, алыс - жақын елдер байланысы, жастық махаббат ғаламаттарыт.т.)табиғатын ашу,<br>• қазіргі қазақ әдебетінің бағыт-арналарын, жаңа есім мен соны туындылар табиғатын, ондағы ізденіс, көркемдік және ой-сөз жүйелерін кең көлемде танып-талдау,байыпты зерделеу;<br>• ақын-жазушылар еңбектеріндегі ізденіс ізжерін, дәстүр мен |

Thank you for trying Soda PDF

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | жаңашылдықты, ұлттық-рухани мұраттарды, дерек-дәйек көздерін, елдік-ерлік сипаттарды, көркемдік өрнектерді, тілдік-стильдік құбылыстарды жан-жақты танып, талдау. Студенттер мамандықты меңгеру үшін қазіргі қазақ әдебиетіндегі драмалық шығарманың құрылысын, шығармашылық психологиясын, эстетикалық ерекшелігін, көркемдік бейнелеу құралдарын, амал – тәсілдерін, жалпы драмадағы әдеби процесті білуі шарт. |
| 17 | Құрмалас сөйлем синтаксисі | Құрмалас сөйлем синтаксисі курсының жалпы мақсаты синтаксистік байланысудың жолдары арқылы қалыптасқан сөз тіркестері мен сөйлемдердің арасындағы грамматикалық қатынастарды анықтау. | Құрмалас сөйлем синтаксисі курсының негізгі бөлімінде– студенттерге синтаксистік байланысудың жолдары негізгі теориялық мағлұматтар беріледі | 2 | 4 | Тіл біліміне кіріспе | Жалпы тіл білімі<br>Қазақ әдеби тілінің тарихы,<br>Стилистика | – сөйлем мүшелерінің байланысу жолдарын меңгерту;<br>– сөйлем мүшелерінің орын тәртібін анықтау;<br>– текст ішіндегі дара сөйлемдердің өзара байланысын таныту;<br>синтаксистік форма, |

Thank you for trying Soda PDF

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | синтаксистік тұлға туралы түсінік беру;<br>жай сөйлемді құрайтын грамматикалық формаларды,<br>олардың өзара қарым – қатынасын зерттеу;<br><br>– жай сөйлемнің грамматикалық түрлерін анықтау;<br><br>– қазақ тілінің грамматикалық жүйесін тереңірек таныту; |
| 18 | Сөз тіркесінің негізгі түрлері | Пәннің мақсаты-сөз тіркесінің басқа тілдік единицалардан айырмашылығы, оған тән басты белгілер, тіліміздегі сөз тіркестерінің түрлері және сөздердің байланысу түрлері мен формаларына тоқталу. | Сөз тіркесінің түрлері, топтастыру<br><br>Есім сөз тіркесі<br><br>Есім сөз тіркесінің синонимі | | | Қазақ тілі | Сөзжасам | **Білім алушылар сөз тіркесі, оған тән басты белгілерді, сөз тіркесінің түрлерін біледі. Сөз тіркесін құрастырушы сөздердің синтаксистік байланыстарын (матасу, меңгеру, қабысу, жанасу) практикалық түрде меңгереді** |
| 19 | Қазақ пунктуациясының негіздері | Қазақ пунктуациясының системасы және тыныс белгілерін қолданудағы принциптер жайлы түсінік беру | Қазақ пунктуациясының системасы және тыныс белгілерін қолданудағы принциптер.<br><br>Тыныс белгілерін дұрыс қоюдың үш | 2 | 5 | Қазақ тілі | Қазіргі қазақ тілі<br><br>Фонетика | Студент «Қазақ пунктуациясының негіздері» пәнінде тәжірибе жүзінде кең қолданылатын, әрі жан-жақты игерілген пунктуация мәселелерінің негізгі әдістерін біледі.Ғылыми ой-өрісті қалыптастыруда |

Thank you for trying Soda PDF

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | түрлі негізі.<br><br>Сөйлемнің синтаксистік ерекшелігі.<br><br>Сөйлемнің мағынасы.<br><br>Сөйлемнің интонациясы. | | | | | пунктуация мәселесінің ғылыми білім ретінде пайда болуы ерекше рөл атқаратынын түсінеді. Пунктуация мәселесі қазіргі тіл білімі ғылымының әр сатысындағы философиялық дүниетаныммен және ғылыми методологиялық танымен терең байланысын, тіл теориясының әр түрлі мектептерге, бағыттарға және концепцияларға тән процестерге тәуелділігін біледі. Пән бойынша жүргізілетін өздік жұмыстарда әр кезеңдегі ғылым алдына қоятын қоғамдағы әлеуметтік-мәдени шарттардың шектес ғылымдармен және олардың практикалық шешімдерімен тікелей байланысы постулатын меңгереді. |
| 20 | Қазақ орфографиясының негіздері | Курстың мақсаты - бағдарламаны оқыту арқылы сөздер мен сөйлемдер арасында тыныс белгілерінің дұрыс қойылу маңыздылығын ұғынып, тілді әлеуметтік қызметіне сай орынды жұмсай білуге үйренеді. Курстың міндеттері: пунктуацияны | Орфография ережелері:кейбір дауысты, дауыссыз дыбыстардың жазылуы,түбір сөздердің, косымшалар дың жазылуы, бөлек, бірге, дефис арқылы | | | 1.Тіл біліміне кіріспе<br><br>2. Қазіргі қазақ тілі | 1.Қазіргі қазақ тілі (фонетика, грамматика)<br><br>2. Жалпы тіл білімі | Әдеби тіл нормалары, жазбаша дұрыс жазу, ауызша сөйлеу ережелерін қамту, тәжірибеде сауатты қолдана білуге дағдыландыру. Сөздік қорларын байытып, дұрыс сөйлеп, сауатты жазуға |

Thank you for trying Solid PDF

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | теориялық тұрғыда үйрену арқылы практикада қолдану. Емле, тыныс белгісі, сөз сазы мәселелерін талдап, қазақша дұрыс жазу, сөзді дұрыс айту ережелерін меңгеру. Қазақ тілінің орфографиялық, орфоэпиялық нормаларын білу. | жазылатынсөздер, қысқарған сөздердің, шылаулардың, одағайлардың жазылуы, бас әріптердің қолданылуы, тасымал, тыныс белгісі мәселелері т.б. | | | | | дағдыландыру, пунктуациялық нормаларды және тыныс белгілерін ажырата білу. Курс танымдық және практикалық бағыттарда төмендегідей құзіреттілік қалыптастырады: Теориялық білімді тәжірибеде қолдану, жазба жұмыстарына талдау және жұмыс жүргізудің тиімді жолдарын меңгеру. Студент «Орфография және пунктуация негіздері» пәнінде тәжірибе жүзінде кең қолданылатын, әрі жан-жақты игерілген тілді талдаудың негізгі әдістерін білуі қажет. |
| 21 | Функционалды қосымшалар | Функционалды грамматика тілдік жүйе мен оның элементтерінің қалай, не үшін қызмет ететіндігін айқындауды мақсат етеді; тілдік бірліктердің сөйлеудегі жұмсалым потенциалын оны жүзеге асыратын ортамен байланыста қарастырады; әр түрлі тіл деңгейі бірліктерінің қызметі жағынан өзара байланысы мен өзара | Түркітанудағы қосымшалардың жіктелу сипаты<br><br>Функционалды қосымшалар мәселесі | 2 | 5 | Жалпы тіл білімі<br><br>Практикалық қазақ тілі<br><br>Нормативті қазақ тілі | Қазіргі қазақ тілі | Студенттер функционалды грамматика аясына енетін семантикалық функция тілден тыс объективті шындықпен сәйкестеніп, өз бойына “мағыналық мазмұн” (смысловое содержание) элементтерін жинақтайтынын біледі. Әр түрлі деңгейге жататын тілдік құралдар белгілі бір мағынаны, ойды жеткізу |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | әрекеттестігі сияқты т.б. мәселелерді зерттейді. Ал дәстүрлі грамматикада грамматикалық категориялар қарастырылып, грамматикалық мағына беретін грамматикалық формалар жеке дара, ал “мазмұннан → формаға қарайғы” бағытта мазмұнды беруге қатысатын тілдік бірліктердің жұмсалымы кешенді түрде талдауға түседі. Мазмұнды жеткізу үшін тілдік жүйеден алынған бірліктер өріс түзеді. Тілдік бірліктер өріске семантикалық функциясының ортақтығы негізінде бірігеді. | | | | | | үшін бірлесе қызмет ететінін түсінеді. “Тілдік бірліктердің жұмсалымы” дегеніміз, біріншіден, сөйленім мағынасын беру үшін сөйлеушінің айтар ойын жеткізуге қажетті тілдік құралдарды таңдауы; екіншіден, тіл жүйесінің әр түрлі деңгейіне жататын бірліктер қызметінің өзара әрекеттес келуі; үшіншіден, потенциалды функцияның нәтижелі функцияға айналуы екенін түсінеді. Функционалды қосымшалардың ерекшеліктерін біліп қажетіне қарай жұмсай біледі. |
| 22 | Сөз таптарының функционалдығы | «Сөз таптарының функционалдығы» пәнінің мақсаты- тілі біліміндегі аталған бағыттың зерттелу тарихын, қазіргі кездегі жай-күйін, арнайы пән, ғылым ретіндегі ерекшеліктерін ұғындыру, кәсіби біліктерін арттыру | Сөз таптары туралы мәселенің тіл білімінде қойылысы.Сөз таптары және олардың классиф икациясы<br><br>Сөз таптарының шығу ы мен дамуы. | | | | | Тіл біліміндегі сөз таптарының табиғаты жайында әр түрлі көзқарастар мен байымдауларды біледі. Сөз таптарының сөздердің лексика-грамматикалық категориялары сөздердің формальді-грамматикалық категориялары,сөздердің таза грамматикалық топтары екендігін түсінеді және меңгереді. |
| 23 | Қазіргі қазақ тілі сөзжасамы | Сөзжасам курсының негізгі мақсаты– студенттерге негізгі теориялық мағлұматтар беру. Қазіргі заман тіл білімінің дамуына сай жаңа технология бойынша модульдік жүйемен | Сөзжасамның зерттелуі.Сөзжасам-дық құрылым. Сөзжасамдық мағына. Туынды және күрделі сөздер.Сөзжасамдық | 2 | 5 | Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы | Тіл біліміне кіріспе, Қазіргі қазақ тілінің лексикологияс ы | пәнді оқыту барысында алынған білімдерді қолданатын келесі пәндер тізімі<br>( мамандықтың жұмыс оқу жоспары): «XX ғасыр |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | туынды сөздердің жасалуын таныстыру, жаттықтыру. Туынды сөздердің ішкі мағыналық құрылымын анықтау. Түбір сөздің шығу төркінін айқындау. Сөз таптарының сөзжасамдық ерекшеліктерін таныту. | мағына және оның түрлері. Сөзжасамдық тізбек. Сөзжасамдық тәсілдер. | | | | | басындағы қазақ әдебиеті»; «Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті» ( XX ғасыр 20-80 ж.ж.); «Қазіргі дәуір әдебиеті» ( XX ғ. 90-жылдар және XXI ғ. басы); «Әдебиет теориясы»; «Абайтану»; «Шығыс әдебиетінің тарихы»; «Түркі халықтары әдебиетінің тарихы»; «Қазақ әдеби сыны тарихы». |
| 24 | Лингвоталдау | Заманауи лингвистикалық талдау әдістері мәтіннің өзі мен құрылымын, категориялары мен тілдік бірліктерін, сол сияқты мәтінді, ең алдымен көркем мәтінді құрастыру, тудыру және талдау тәсілдерін зерделейді. | стилистикалық эксперимент әдісі; семантика-стилистикалық әдіс;салғастыру;стилистикалық әдіс; мәтінді сандық талдау әдістері; Мәтіннің байласымдылығы мен тұтастығы. | | | Мәтін лингвистикасының өзекті мәселелері | Лингвистикалық терминдер теориясы | Лингвистикалық талдау әдістері мен тәсілдерін жан-жақты меңгерту арқылы шығармаға тілдік тәсілдердің таңдалуы, олардың мақсатты жұмсалу факторларын талдап *үйренеді*. Мәтіннің семантикалық құрылымына талдау жасауды *меңгереді*. |
| 25 | Тілдік бірліктерді практикалық талдау | Заманауи лингвистикалық талдау әдістері мәтіннің өзі мен құрылымын, категориялары мен тілдік бірліктерін, сол сияқты мәтінді, ең алдымен көркем мәтінді құрастыру, тудыру және талдау тәсілдерін зерделейді. | стилистикалық эксперимент әдісі; семантика-стилистикалық әдіс;салғастыру;стилистикалық әдіс; мәтінді сандық талдау әдістері; Мәтіннің байласымдылығы мен тұтастығы. | 2 | 5 | Мәтін лингвистикасының өзекті мәселелері | Лингвистикалық терминдер теориясы | Лингвистикалық талдау әдістері мен тәсілдерін жан-жақты меңгерту арқылы шығармаға тілдік тәсілдердің таңдалуы, олардың мақсатты жұмсалу факторларын талдап *үйренеді*. Мәтіннің семантикалық құрылымына талдау жасауды *меңгереді*. |

Thank you for trying Soda PDF

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 26 | Қазақ тілінің тарихы | Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму кезеңдері және қазақ әдеби тілі нормалары мен оның түрлері жөнінде ғылыми тұрғыдан жүйелі білім беру.Халықтық дәуірдегі қазақ әдеби тілі. XV ғасырдың XIX ғасырдың екінші жартысына дейін. Ауызша әдеби тіл ұғымы және оны танытатын нұсқалар. Ауызша әдеби тілдің амал-тәсілдер жүйесі. Кітаби тіл дәстүрінің қалыптастырудағы рөлі. Халық ауыз әдебиеті және оның әдеби тілге қатысы. Ұлттық қалыптасу дәуіріндегі қазақ әдеби тілі. Әдеби тілдің дамуындағы алғы шарттар. Алғашқы мерзімді баспасөз бен қазақ тіліндегі кітаптардың шығуы. | Әдеби тіл мәселелері. Әдеби тілдің зерттелу тарихы. Әдеби тілді зерттеушілер, олардың еңбектері. Әдеби тіл және оның зерттеу нысаны. Әдеби тілдің анықтамалары. Қазақ әдеби тілі және оның даму кезеңдері. Қазақ әдеби тілінің даму тарихын дәуірлеу мәселесі. Қазақ әдеби тілінің алғашқы арналары, қайнар көздері. Қазақ әдеби тілінің басталу тарихы (қалыптасу кезеңі) жайындағы көзқарастар. Қазақ әдеби тілінің қалыптасу негіздері туралы пікірлер. Ұлттық қалыптасу дәуіріндегі қазақ әдеби тілін танытатын нұсқалар. Ұлттық қалыптасу дәуіріндегі қазақ әдеби тілінің стильдік құрамы. Көркем әдебиет стилі. Қоғамдық-публицистикалық стиль. Іс қағаздары мен | | | Тіл біліміне кіріспе<br><br>Лексикология | Жалпы тіл білімі.<br><br>Көне түркі тілі.<br><br>Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. | - әдеби тіл тарихындағы ақын-жазушылардың шығармашылық мұраларын, әдеби тіл арналарын білуі керек;<br><br>- теориялық және тәжірибелік тұрғыда жан-жақты меңгеруі керек;<br><br>- Ұлттық сөз өнерін дәріптейтін, қастерлейтін, сана-сезімі жоғары азамат,патриот қалыптастыру құзыреттілігі болып табылады. |

Thank you for trying Soda PDF

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | ресми стиль. | | | | | |
| 27 | Лингвистикалық терминдер теориясы | Пән мақсаты – студенттердің лингвистикалық терминологияның теориялық мәселелерімен терең таныстыру. Лингвистикалық терминологияның қалыптасу тарихы мен шығу көздерін ескере отырып, болашақ тілшілерге оның жасалу жолдары мен түзілу амал-тәсілдерін үйрету; лингвистикалық терминдерге қатысты басты ұстанымдарды меңгерту; оның қазіргі қоғамдағы, ғылымдағы алатын орны мен атқаратын қызметін саралап көрсету. | Терминдер туралы түсінік. Лингвистикалық терминдердің қалыптасуы мен дамуы. Терминжасамдық тәсілдер. Қазіргі лингвистикалық сөздіктің жайы, зерттелуі. Терминжасамдық бірліктер. | 3 | 5 | Тіл біліміне кіріспе, Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы, Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы. | Қазақ тілінің тарихи грамматикасы, Қазақ әдеби тілінің тарихы, Қазақ тілінің тарихы. | - қазақ әдебиетінің Ресей империясы отаршылдығына қарсы зар замандық ағымы поэзиясының саяси-азаматтық ықпалын білуі керек;<br>- кезең әдебиетіндегі дәстүр мен көркемдік жалғастығы ерекшеліктерін жаңаша зерттеуді меңгеруі керек;<br>- Мемлекеттік тілді сүйетін, ұлттық сөз өнерін дәріптейтін, қастерлейтін, сана-сезімі жоғары азамат,патриот қалыптастыру құзыреттілігі болып табылады. |
| 28 | Қазақ тілін оқытудың коммуникативті-танымдық негіздері | Қазіргі жаһандану үдерісінде ғылым салаларының толысуы мен бірігуіне, олардың қалыптасуы мен дамуына ықпал ететін пәннің бірі. Студент бұл курсты оқи отыра тіл білімінің танымдық теориясының негіздерін меңгереді, оның басты тұжырымдары мен негізгі қағидаларына терең бойлап, практикада қолдану жолдарына машықтанады | Коммуникативтік мағынаның берілу жолдары. Коммуникативтік мағына мен тілдік қатынастың арақатынасы. Коммуникативтік мағына мен танымның сабақтастығы. Коммуникативтік мағына мен бейвербалды амалдардың өзара байланысы. | | | Тіл біліміне кіріспе, Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы, Байтұрсынов тағылымы | Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы, Қазақ әдеби тілінің тарихы. | Студенттер оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым дағдыларын қалыптастыра отырып, еркін қарым - қатынас жасауға, сын тұрғысынан көзқарасын білдіруге, өз ойын жеткізіп, шешім қабылдауға *дағдыланады.* Қазақ тілінде берілген кез келген ақпараттарды тиімді қолдана отырып, өзіне қажетті мәліметті *ала алады.* |

Thank you for trying Soda PDF

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | |
| 29 | 1941-1960 ж.ж. қазақ әдебиетінің тарихы | 1941-1960 жж. қазақ әдебиеті тарихының даму бағыттары. Бұл кезеңдегі қазақ әдебиеті өкілдерінің шығармашылығы, әдеби әлемі. | 1941-1960 жж. қазақ әдебиеті тарихы.Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі әдебиет. Әдебиеттің даму бағыттары.<br>Бұл кезеңдегі қазақ әдебиеті өкілдерінің шығармашылығы, әдеби әлемі.Ұыл Отан соғысынан кейінгі жылдардағы әдеби шығармалар және оның өкілдері. | 3 | 6 | Халық ауыз әдебиеті, Ежелгі дүние жүзі хандық дәуір әдебиеті, XIXғ. Қазақ әдебиеті тарихы, XXғ. Қазақ әдебиеті тарихы. | Класикалық әдеби дәстүр, Әлем әдебиеті тарихы | - кезең әдебиетіндегі көркемдік әдістерді (романтизм, реализм) білуі керек;<br>- поэзия, проза, драматургиядағы тарихилықтың, психологизмнің, тілдік, стильдік өрнектердің суреткерлік болмысын зерделеуді меңгеруі керек;<br>- Мемлекеттік тілді сүйетін, ұлттық сөз өнерін дәріптейтін, қастерлейтін, сана-сезімі жоғары азамат,патриот қалыптастыру құзыреттілігі болып табылады. |
| 30 | Қазіргі әдеби процесс | Қазіргі әдеби поцестегі жаңа бағыттар, үрдістер, әдістер мен заңдылықтар туралы біліммен қаруландыру | Қазіргі әдеби процесс: бағыттар мен заңдылықтар | | | Халық ауыз әдебиеті, Ежелгі дүние жүзі хандық дәуір әдебиеті, XIXғ. Қазақ әдебиеті тарихы, XXғ. Қазақ әдебиеті тарихы. | Тәуелсіздік жылдардағы қазақ әдебиеті | Көркем шығармаларды талдауда әдістерді қолдануды меңгереді |
| 31 | Көркем мәтінге әдеби талдау | Мақсаты: көркем шығарманы әр қырынан алып қарастырып, оның қасиет ерекшелігін, жеке бөлек-бөлшектеріне тән өзгеше сипат | Көркем шығарманы талдаудың ұстаным-тұжырымдары. Әдеби шығарманы талдаудың | 3 | 6 | Қазіргі қазақ әдебиеті | Әдебиет сыны<br><br>Қазақ әдебиетін | Шығарма тілінің мәнерлілігі туралы ұғымға қоса, жалпыхалықтық тіл, әдеби тіл, халықтық |

Thank you for trying Soda PDF

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | белгілерді арнайы зерттеп, танып-білу. Мәтін тудырушы автордың бейнесін: 1.Мәтін иесінің өзін, бейнесін, автордың тілі, ол қолданған тілдік құралдарын сомдайды, өйткені тілдік құралдарсыз, өзгеге ұқсамайтын ерекше тілдік қолданыстарын тудырады, онсыз шығарма да болмайды; 2. Екінші кезекте автор бейнесін сомдап шығарушы қабылдаушы топ яки оқырман (адресат). Автор бейнесін адресаттың сомдауы қабылдаумен астасып кетеді әрі мәтін құрылымының базасы арқылы жасалады. 3. Автордың тұтас мәтін арқылы танылатын немесе авторлық жалпылама бейнесі болады | әдістемелік жүйесі: ұтымды әдіс-тәсілдер. Шығарманың көркемдік қасиетін танытудың тиімді жолы − тіл ерекшелігін талдау. Тұтастай (немесе автор ізімен) талдау. Образдар бойынша талдау. Проблемалық-тақырыптық талдау. | | | | оқыту әдістемесі | сөйлеу тілі деген секілді әдеби-теориялық ұғымдармен *танысады;* автор тілі, кейіпкерлер тілі, жазушы стилі сияқты ұғымдарды *меңгереді;* әдеби-теориялық талдау көркем туындыны терең меңгеруге, сол арқылы белсенділікпен талдау жүргізуді *игереді*; жағдаятты талдау мен сол талданатын жағдаяттың моделін, сипаттамасын жасауға, өз шешімін саралап айтуға, өздігінен ізденуге және оларды салыстыра зерттеуге *үйренеді*. |
| 32 | Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиет | XX ғасырдың 90-жылдары мен қазіргі XXI ғасыр басындағы Қазақстан Республикасы | Тәуелсізджік дәуіріндегі қазақ поэзиясы; Тәулсіздік дәуіріндегі | | | Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. Қазіргі әдеби | Әдебиет теориясы. Шетел әдебиетінің | - Білім алушылардың қазіргі әдеби үдеріс жанрлары поэзиясын игеруі жүзеге асырылады; |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
